

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5
тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру
объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидалары**

**119. Тәрбиелеу және білім беру объектілерінің қоғамдық тамақтану
ұйымдарында мыналарды:**

1) қатық, сүзбе, айранды, туралған туралған ет қосылған құймақтарды; флотша
макаронды;
зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремі бар кондитерлі өнімдерді;
тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит,
печенье)

морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді;
шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;
күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды; қаймақ пен майонез қосылған
салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды;
өнеркәсіпте дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;
тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және
екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды,
тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін)
сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған
минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-
догтар, чипсілер, кептірілген нан, қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар,
ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелек, қыша) дайындауға және өткізуге;
2) мыналарды: пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және
қаймақты; суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін;

Ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз
шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін;

тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың субөнімдерін; механикалық
түрде сылынып алынған өнімді малдың етін және құс етін; құс етінен
алынған құрамында коллаген бар шикізатты; сойылған өнімді мал мен құстың
қайта мұздатылған өнімдерін;

генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық
түрлендірілген көздер бар шиізаттарды; йодталмаған тұзды және құрамында
темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған жоғарғы және бірінші
сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

**120. ЖОО-ны қоспағанда білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін өткізетін
автоматтарды орнатуға жол берілмейді.**

**121. Жаппай сауықтыру емшарасы ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге жол
берілмейді.**